

Алатау Жарық желісін күшейту

Жоба нөмірі:

56504

Орналасқан жері:

Қазақстан

Коммерциялық сектор:

Энергетика

Хабарландыру түрі:

Мемлекеттік

Экологиялық санат:

B

Бекітілген күні:

2026 жылдың 22 шілдесі

Мәртебесі:

Зерттеу кезеңінде, соңғы қарауды күтуде

Ақпараттың жарияланған күні:

2026 жылғы 22 мамыр

Жоба сипаттамасы

АО «Алатау Жарық Компаниясы» (АЖК) компаниясының 2026–2028 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын қаржыландыру үшін 105 млрд теңгеге дейін аға несие ұсыну. Жоба 35-110 кВ кернеулі тарату желілері мен қосалқы станцияларды салу және жаңғыртуды, 0.4-10 кВ төмен кернеулі желілерді қайта құруды, ақылды есептеуіш құралдарды және smart grid технологияларын орнатуды қамтиды.

Жоба мақсаттары

Жобаның негізгі мақсаты — Алматы қаласы мен Алматы облысындағы электр энергиясына өсіп жатқан сұранысты қамтамасыз ету үшін AZhC компаниясының тарату және беру инфрақұрылымын жаңғырту.

Жоба компания активтерінің физикалық тозуын қазіргі 84 пайыз деңгейінен төмендетуге мүмкіндік береді, бұл электр жоғалтуларын азайтып, желінің сенімділігін, операциялық тиімділігін және климатқа төзімділігін арттырады.

Өтпелі процеске әсері

ETI (Күтілетін Өтпелі процеске әсері балы): 69

Жобаның күтілетін өтпелі әсері *Жасыл* сапасы арқылы жүзеге асады, атап айтқанда смарт-есептегіштерді орнату және төмен және орта кернеулі тарату мен беру инфрақұрылымын қайта жаңғырту нәтижесінде электр энергиясының шығындарын және парниктік газдар шығарындыларын азайту арқылы климаттың өзгеруін жұмсартуға үлес қосу көзделеді.

Клиент туралы ақпарат

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

«Алатау Жарық Компаниясы» – Қазақстанның ең ірі қаласы Алматы және Алматы өңіріне қызмет көрсететін электр энергиясын жеткізу және тарату жөніндегі ірі компания. Компания шамамен 4 миллион адамды және 50 000 коммерциялық тұтынушыны электр қуатымен қамтамасыз етеді. Компания акцияларының 100%-ы «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі, ол «Самұрық-Қазына» мемлекеттік әл-ауқат қорының құрамындағы әртараптандырылған ең ірі электр энергетикалық холдинг болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

105 000 000 000,00 теңге

Жобаның жалпы құны

105 000 000 000,00 теңге

Толықтауыш әсері

ЕҚДБ нарықта коммерциялық көздерден қолжетімді емес немесе қолайлы талаптармен ұсынылмайтын қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Банк «Алатау Жарық Компаниясының» экологиялық және әлеуметтік стандарттарын (мысалы, ESAP) жетілдіруге көмектеседі және ЕҚДБ-ның сатып алу саясаты мен ережелерін қолдану арқылы компанияның сатып алу және жобаны іске асыру тәжірибесін күшейтеді.

Қоршаған орта және әлеуметтік сала мәселелері бойынша түйіндеме

В санатына жатқызылған (ESP 2024). Инвестициялық бағдарлама шеңберінде ақылды есептегіштерді орнатуға, сондай-ақ қолданыстағы желілерді, трансформаторларды және қосалқы станцияларды қамтитын төмен және орта кернеулі электр энергиясын тарату және жеткізу инфрақұрылымын жаңғырту және салуға байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер қарастырылады. Жобаның ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (ESP), оның Экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ESRs), сондай-ақ тиісті ұлттық нормалар мен озық халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін бағалау үшін тәуелсіз экологиялық және әлеуметтік зерттеу (ESDD) жүргізілуде.

Ұсынылып отырған инвестицияға қатысты негізгі экологиялық және әлеуметтік әсерлер еңбек және жұмыс жағдайлары; еңбекті қорғау және қауіпсіздік (оның ішінде электр қауіпсіздігі және жол қозғалысы қауіпсіздігі); ауыстыру және техникалық қызмет көрсету кезеңінде мердігерлерді басқару; ластанудың алдын алу мәселелері, соның ішінде қауіпті қалдықтарды басқару; жобаға қатысушы мүдделі тараптардың шағымдары; цифрлық есептегіштердің сапасын қамтамасыз ету; мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекет ету және шағымдарды қарау тетіктері сияқты аспектілерді қамтиды. Бағалау нәтижелері бойынша жоба үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспары (ESAP); Мүдделі тараптарды тарту жоспары (SEP) және Техникалық емес түйіндеме (NTS) тәрізді құжаттар әзірленеді. Бұл құжаттар ESR 10 талаптарына (Мүдделі тараптарды тарту) сәйкес дайындалады.

Жасыл бағалау

Париж келісіміне сәйкестік

Жоба ЕҚДБ-ның тікелей қаржыландырылатын инвестициялар үшін қолданылатын Париж келісіміне сәйкестік тәсілі негізінде Париж келісімінің климаттың өзгеруін бәсеңдету және бейімделу мақсаттарына сәйкес келетіні анықталды.

Жоба келесі санат бойынша көпжақты даму банктерінің бірлескен тізімінде көрсетілгендіктен, Париж келісімінің бәсеңдету мақсаттарына сәйкес келеді: «Электр энергиясын жеткізу және тарату, оның ішінде энергияға қолжетімділік, энергияны сақтау және сұраныс тарапын басқару».

Жоба айтарлықтай физикалық климаттық тәуекелдер (әсіресе аптап ыстық пен су тасқыны) мен кеңірек энергетикалық жүйенің климаттық тұрақтылығына елеулі теріс әсері болмайтыны расталған жағдайда Париж келісімінің бейімделу мақсаттарына сәйкес келеді.

Бұл аспектілер тиісті тексеріс (due diligence) барысында бағаланып, қажетті тұрақтылық шаралары жобалау кезеңіне енгізіледі.

Жасыл қаржыландыру үлесін анықтау

ЕҚДБ қаржыландыруының 100%-ы жасыл қаржыландыру ретінде жіктеледі, себебі ол климаттың өзгеруін бәсеңдетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды қолдайды. Бұл жіктеу, түпкілікті техникалық растауға байланысты, ЕҚДБ инвестициялары үшін жасыл қаржыландыру үлесін анықтау әдістемесіне және келесі бағыттар бойынша арнайы нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады: энергия жүйелерінің тұтынушыларына бағытталған, энергияны тұтынуды азайтуға немесе жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды арттыруға ықпал ететін іс-шаралар; электр, жылу, салқындату, төмен көміртекті газдар немесе CO₂ тасымалдау мен тарату саласында қолданыстағы инфрақұрылымның тиімділігін арттыру немесе CO₂е шығарындыларын азайту.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Осы Жоба аясында келесі техникалық ынтымақтастық («ТС») тапсырмалары жүзеге асырылуда:

- Экологиялық және әлеуметтік сараптама (Due Diligence): Жобаның ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (ESP) және Экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ESRs) сәйкестігін бағалау мақсатында тәуелсіз кеңесшілер арқылы жүргізіледі. Тапсырмаға бөлінген жалпы сома – 75 000 еуро, қаржыландыру көзі – ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қоры («SSF»).
- Техникалық сараптама (Technical Due Diligence): Жобаның техникалық орындалу мүмкіндігін, экономикалық тиімділігін және іске асыруға дайындығын бағалау үшін тәуелсіз сарапшылар тарапынан жүргізіледі. Тапсырмаға бөлінген жалпы сома – 75 000 еуро, қаржыландыру көзі – ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қоры («SSF»)
- Алдын ала сатып алу үдерісіне қолдау (Advance Procurement Support): Тапсырманың мақсаты – Компанияға жобаны дайындау кезінде сатып алу құжаттарының әзірленуі және сатып алу рәсімдерінің ЕҚДБ-ның 2022 жылғы қарашадағы Сатып алу саясаттары мен қағидаларына (PP&R) және алдағы 2026 жылғы ережелерге, сондай-ақ ЕҚДБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету арқылы қолдау көрсету. Сонымен қатар техникалық қабылдау, құжаттама және оқыту бойынша көмек көрсету көзделген. Тапсырмаға бөлінген жалпы сома – 75 000 еуро, қаржыландыру көзі – ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қоры («SSF»).

Компанияның байланыс ақпараты

Сламбеков А. мырза

aslambekov@azhk.kz

+7 (727) 376-17-10

<https://www.azhk.kz/ru/>

Манас көшесі, 24б, Алматы қ., 050008, Қазақстан

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2026 жылдың 22 мамыры

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес)

мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: projectenquiries@ebrd.com; procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

ЭЭС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭЭС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КЭББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КЭББ шешуші рөл атқарады.

КЭББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КЭББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат

негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді; [Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын](#) және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.